

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

30.12.2023

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD Ж.Нурматов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Төлегенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Д.Шауенов; академиялық персонал – А.Бейсенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Исаев; АК мүшесі, академиялық персонал – филос.ғ.к. Г.Шадинова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Е.Жиенбаев; АК мүшесі, академиялық персонал – Л.Алиева; АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Нурмагомбетова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., А.Сандыбаева; жұмыс беруші өкілі – М.Халыков; жұмыс беруші өкілі – М.Тастанбеков; жұмыс беруші өкілі – К.Жетібаев; жұмыс беруші өкілі – Т.Мендібаева; жұмыс беруші өкілі – Р.Ашимов; білімгерлер өкілі – Б.Мауленкул; білімгерлер өкілі – П.Ұлмекен; білімгерлер өкілі – Қ.Баймағамбетов; білімгерлер өкілі – М.Қамбар; білімгерлер өкілі – А.Алибек; білімгерлер өкілі – Ү.Төлеутаева; білімгерлер өкілі – А.Шахман; білімгерлер өкілі – А.Кусан; білімгерлер өкілі – А.Маукенбай; білімгерлер өкілі – Н.Егінберлі.

### Күн тәртібі:

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
2. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
3. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

### Тыңдалды:

#### 1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру

**АК төрағасы Ж.Нурматов:** Құрметті Академиялық комитет мүшелері! Академиялық комитеттің желтоқсан айындағы жоспары бойынша бакалавр деңгейіндегі білім беру бағдарламаларға (6В02228-Дінтану, 6В02229-Теология, 6В02266-Исламтану, 6В02231-Тарих, 6В02267-Түркітану, 6В02286-Философия-дінтану) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларға (7М02211-Дінтану, 7М02262-Теология, 7М02210-Тарих, 7М02212-Түркітану) ішкі аудит ұйымдастыру жоспарланған. Әр ББ бойынша білім беру бағдарлама жетекшілері ішкі аудит ұйымдастырды. Ендігі кезекте әр ББ бағдарламасы бойынша ішкі аудиттің қорытындысы туралы айтып өтсеңіздер:

**Сөз кезегін АК мүшесі, PhD Ф.Камалова жалғастырды:** 6В02228-Дінтану және 7М02211-Дінтану білім бағдарламасы бойынша өзіндік бағалау жұмыстарын жүргіздік. Ішкі аудиттің нәтижесіндегі мәліметтер арнайы презентация ретінде әзірленіп университет сайтына жүктелетін болады. Ол жерде білім бағдарламасына қатысты төмендегі мәліметтер көрсетілді:

ББ сипаттамалары, ББ мақсаты, ББ тұжырымдамасы, маманның лауазымдарының тізімі, кәсіби қызмет саласы, кәсіби қызмет объектісі, Қазақстандағы, шет елдегі ең үздік



ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері (анализ), соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері, Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері, жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері, сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері, білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері, ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі, ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, ББ инфраструктурамен қамтамасыз етілуі және ең соңында SWOT талдау.

**АК мүшесі, PhD Д.Шауенов:** 6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану, 7M02262-Теология білім беру бағдарламасының өзіндік есебінде ББ-ның жалпы сипаттамасы, шетелдік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері, қазақстандық және шетелдік университеттермен серіктестік жұмыстары және жұмыс берушілермен байланыс нәтижелері көрсетілген. Сондай-ақ бітіруші түлектердің сауалнамалары, олардың жұмысқа орналасу нәтижелері пайыздық көрсеткішпен берілген. Соңында кафедраның SWOT- талдау кестесі орын алған. 6B02229-Теология білім беру бағдарламасы НКАОКО, НААР және Атамекен сияқты агенттіктеріндегі ББ рейтингіне қатыспағандықтан бұл туралы мәлімет презентацияда берілмеді.

**АК мүшесі т.ғ.к. Г.Примкулова:** 6B02231-Тарих, 7M02210-Тарих білім беру бағдарламасының ішкі аудитінде түлектердің атрибуттары орын алған. Түлектердің атрибуттары негізінде білім беру бағдарламасының мақсаты жасалған. Білім беру бағдарламасының мақсатына сай оқыту нәтижелері құрастырылып, аталған оқыту нәтижелер пәндермен сәйкестендірілген. 2022-2023 оқу жылы жоғарыда аталған білім беру бағдарламаларды жұмыс берушілердің ұсынысы және отандық және шетелдік ЖОО-дағы ББ мазмұнын талдай отырып жаңартқан болатынбыз. Ағымдағы жылдағы білім беру бағдарламалар келесі оқу жылына қабылданатын білім алушылар үшін өзгеріссіз ұсынуымызға болады. Сараптамадан жақсы көрсеткішпен өткен және оқу тәжірибесінде сыналған бағдарлама қазірше толықтыруды қажет етпейді. Ішкі аудит есебінің соңында рейтинг нәтижелері мен ББ бойынша күшті, әлсіз жақтары, қауіптер мен мүмкіндіктер көрсетілген.

**АК мүшесі PhD Е.Жиенбаев:** 6B02267 Түркітану ББ мақсаты Түркі тілдерінің спецификалық жүйесін білетін, тілдік сабақтастықтың тарихи үдерісін салыстырмалы түрде анықтай алатын және осы білімді түркологиялық зерттеулер кеңістігінде кәсіби деңгейде қолдана алатын филологиялық білімі бар бакалаврларды даярлау. Білім беру бағдарламаны талдай отырып қазіргі заманауи талаптарға толықтай сәйкес келетінін айтуға болады. ББ ішкі аудит нәтижесінде ББ-ның мазмұны сараланып, өзгеріс қажет емес деген қорытындыға келдік.

**АК мүшесі PhD М.Исаев:** 6B02286-Философия-дінтану ББ қоғамның сұранысына қарай ашылған жаңа білім беру бағдарламасы. Осы оқу жылы алғаш рет білімгер қабылдадық. ББ білімгер саны 19. ББ-ның мақсаты Философия және дінтану саласында терең білімді меңгерген, әлеуметтік-коммуникативті дағдылары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын табысты іске асыра алатын, дүниетанымдық-құндылықтық, ақпараттық және сараптамалық-талдау қызметін жүзеге асыру үшін кәсіби құзыреттілікке ие білікті мамандар даярлау. ББ оқыту нәтижелері мен ББ мақсаты бір-біріне сәйкес құрастырылған. Білім беру бағдарламасының құзыреттері мен оқыту нәтижелері білім алушылардың біліктілігін арттыруға бағытталған.

**АК мүшесі Ы.Нурмагомбетова:** 7M02212-Түркітану ББ бойынша ішкі аудит ұйымдастырылды. Ішкі аудиттің қорытындысы бойынша SWOT талдау жасадық. Талдау нәтижесін қысқаша төмендегідей түйіндеуге болады: ББ бойынша қосдипломды ББ болуы, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішінің жоғары болуы, кафедра қызметкерлерінің импакт-факторлы шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалары жариялануын күшті жақтарының ішінде көрсете аламыз. Әлсіз жақтарына ББ бойынша



ПОҚ-ның әзірлеген оқу құралдарының аз болуы және контингенттің аз болуын атап өтуге болады. Сонымен қоса халықаралық ынтымақтастықты дамыту және инновациялық оқыту әдістерінің тиімділігін арттыру сияқты ББ-ны жақсарту бойынша көптеген мүмкіндіктеріміз бар.

**АК төрағасы Ж.Нурматов:** Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағытындағы әр ББ бойынша ішкі аудиттің қорытындысын тыңдадық. ББ түлектерінен алынған сауалнамалар мен жұмыс берушілердің ұсыныстары білім беру бағдарламаларды жақсарту үшін өте маңызды екенін ұмытпауымыз керек. Өткен оқу жылдағы білім беру бағдарламаларды жаңарту бойынша жасалған жұмыстар оң нәтижесін берді. Осы бағытта білім беру бағдарламасының мазмұнына жұмыс берушілердің ұсынысы, қоғамның қажеттілігі және шетелдік оқу орындардың тәжірибелерін ескере отырып өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Сондықтан да осы жылы аталған ББ-ға өзгеріс енгізу қажет емес деп ойлаймын. Сараптамалық тұжырымдар мен сауалнама нәтижесіне сүйене отырып аталған білім беру бағдарламалардың жақсы көрсеткішке ие екенін және халықаралық талаптарға сәйкес екенін айтуға болады.

АК мүшелері бұл ұсынысты бір ауыздан қолдады.

### **ШЕШІМ:**

1. ББ жетекшілерінің баяндаған өзіндік бағалау есептері мен аудит нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылданын.

Мәжіліс төрағасы:



Ж.Нурматов

Хатшысы:



М.Төлеген